

«Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп – балабақша оқу – тәрбие кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ХАТТАМА №1

Мұса Шорман ауылы

6.09.2019 ж

Қатысушылар:

Мектеп директоры Мұзафаров Қ.Н.

МДТІЖО Нағымжанова Ғ.Ж.

Комиссия мүшелері:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ахметбеков Д.А

Ата-аналар комитетінің төрағасы Зайыров М.Т.

Күн тәртібінде:

- 1. Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру**
- 2. Тамақтанудың сапасын мен мөлшері**
- 3. Асхананың санитарлық эпидемиологиялық тазалығы**

Тыңдалды: мектептің әлеуметтік педагогы А.Зайырова

2019-2020 оқу жылын мектебіміз 124 оқушымен бастап отыр. Биылғы жылы тегін ыстық тамақпен 86 оқушыны қамтылуда. Оның 62 оқушысы жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген қаржыға, ал 34 оқушысы Баянауыл аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен жүзеге асырылып отырған «Келешек» бағдарламасы негізінде тамақтанып отыр. Ата-аналар тарапынан 38 оқушы ақылы түрде ыстық тамақпен қамтылуда.

Асханада арнайы оқушылардың тамақтануын жүзеге асыру мақсатында тамақтану кестесі құрылған. Кестеге сәйкес бастауыш және жоғарғы сынып оқушылары тамақтанады. Таңертеңгілік барлық дайын тамақтан бақылау сынамасы алынады. Тәуліктік сынама ас арнайы ыдыстарда тоңазытқышта сақталады. Таңертеңгілік асхананы мектеп медбикесі тексеріп, тамақтануға рұқсат берген жағдайда оқушылар тамақтанады.

Тыңдалды: мектеп медбикесі Г.Көшербаева

Баянауыл аудандық білім бөлімімен бекітілген ас мәзірі бойынша оқушыларға тегін ыстық тамақ беріледі. Ас мәзірін бір күнде немесе үш күн аралығында қайталануына жол берілмейді. Күн сайын тамақтану рационына ет, сүт, қант, сары май, өсімдік майы, қара бидай немесе бидай нан, көкөністер, жемістерден алма, ірімшік, айран, бал және шырын енгізіледі. Бір оқушыға берілетін тамақ құны 333 теңгені құрайды. Оның құрамында ыстық тамақ, көкөністерден жасалған салат (сәбіз, орамжапырақ, қызылша), нан

(май, ірімшік), сусындар (сүт, айран, шай, шырын, кисель, компот,)бар. Комиссия мүшелерінің тексерісі барысында оқушыларға ұсынылған тағамдар мөлшеріне сай, сапасы жоғары болғандығы анықталды.

Тыңдалды:МДОІЖ орынбасары Ғ.Нағымжанова
Ыңғайластырылған асхананың санитарлық эпидемиологиялық тазалығы.

Мектептегі асхана бір үлкен залды және ас даярлайтын, ыдыс жуатын, тағамдар сақтайтын орындардан құралған. Тағамдарды сақтау үшін тоңазытқыштар жұмыс істеп тұр. Көкеністер тұратын жеке орын бар. Асхана ішінде және тамақ даярлау орындарында санитарлық -гигиеналық талаптар сақталған. Сонымен қатар азық – түлік тасымалдайтын көліктің санитарлық эпидемиологиялық тазалығы тексерілді. Азық – түлік тасымалдауға рұқсатнамасы бар. Барлық асханаға әкелінген азық-түліктердің сертификаттары тексерілді. Барлық тағамдар сертификатталған. Асхана қызметкерлерінің денсаулықтарына байланысты медициналық кітапшалары тексерілді. Асхана жұмысы барлық талаптарға сай жұмыс жүргізіліп жатыр.

Ұсыныс:

1. Оқушыларға қоғамдық орындарда әдептілік сақтауын, тамақтану уақытында өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауын қадағалауды қамтамасыз етсін.

ішінде және тамақ даярлау орындарында санитарлық -гигиеналық талаптар

Мектеп директоры:  Қ.Мұзафаров

Хатшы:  Ғ.Аяпбергенова

